

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

№2 хаттама

Күні: 20.04.2024

Қатысқаны: 12 адам

Күн тәртібінде:

1. МДҰ қызметкерлерінің қызметтік емес уақытта этикалық нормаларға дейін бұзу фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қарау, БАҚ пен әлеуметтік желілерді бақылау.

2. МДҰ педагогикалық кеңесіне еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық этиканы бұзудың алдын алу бойынша ұсынымдар.

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы сөз бастады.

МДҰ қызметкерлерінің қызметтік емес уақытта этикалық нормаларға дейін бұзу фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қарау

3-тарау. Педагогикалық этиканың негізгі нормалары

7. Қызметтік және қызметтік емес уақытта педагогтар:

1) педагогикалық әдептің негізгі қағидағтарын сақтайды;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жоғары адамгершілік рухында тәрбиелеуге, ата-аналарға, этномәдени құндылықтарға құрметпен қарауға, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға ықпал етеді;

3) білім алушыларға Қазақстан Республикасының Отанына құрметпен қарауды сіңіреді, патриотизм рухын оятады.

4) Қазақстан Республикасы педагогінің жоғары атағының беделін түсіруге қабілетті іс-әрекеттер жасауға жол бермейді;

5) өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындайды;

6) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өзін-өзі тәрбиелеумен және өзін-өзі жетілдірумен белсенді айналысады;

7) еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтайды;

8) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;

9) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде шаралар қабылдайды, өзінің жеке мінез-құлқымен адалдықтың, бейтараптық пен әділдіктің үлгісін береді.

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы бойынша қызметтік емес уақытта этикалық нормаларға дейін бұзу фактілері анықталған жоқ. Барлық педагогтар педагогикалық әдеп нормаларын тиісті дәрежеде сақтайды. БАҚ пен әлеуметтік желілер бойынша да әдеп бұзу фактілері анықталған жоқ.

Екінші мәселе бойынша кеңес хатшысы тоқталды.

Педагогикалық этика жалпы этикалық нормаларға негізделген білімалушылармен, олардың ата-аналарымен және әріптестерімен қарым-қатынас кезінде педагог басшылыққа алатын нормативтік моральдық ұстанымдарды анықтайды.

педагогикалық этика талаптары:

сабысқа деген сенімді күшейтетін ұстаным;

педагог мен оқушы арасында дұрыс қарым-қатынас орнату;

әрбір білім алушыға тілектестік қарым-қатынас;

алғашқы кездесуден бастап оқушылармен қолайлы сөйлеу қарым-қатынасы;

- педагогтің келбеті, топтағы жағдай.

Педагогикалық әдептілік - педагогтің балалармен қарым - қатынас процесінде сақтауы тиіс шара қағидаты (принцип); педагогтің педагогикалық шеберлігімен, тәжірибесімен, мәдениет деңгейімен және жеке қасиеттерімен айқындалады; баланың қадір-қасиетін кемсітпей және оның тәрбиеге қарсылығын туғызбай, кез келген жағдайда (оның ішінде жанжалда да) тәрбиелік ықпал етудің оңтайлы шараларын таба білуінде көрінеді.

Педагогикалық әдептілік қарым-қатынас субъектілерінің жеке ерекшеліктерін, педагогтың моральдық-этикалық кәсіби көзқарастарын ескеруді қамтиды. Педагогикалық әдеп - педагогтың кәсіби сапасы, оның шеберлігінің бір бөлігі. Ең бастысы, педагог өз міндеттерін біліп, оларды мүлтіксіз орындай білуі.

Педагог қызметіне қатысты төмендегідей нормативті міндеттер айқындалды:

- педагогикалық мамандықтың ерекшелігін түсіне біліп, соған сәйкес қасиеттерді жеке тұлға ретінде бойында тәрбиелеуге үйрену;
- педагогикалық этиканың, деонтологияның ұстанымдарын танып-біліп, үнемі сақтау;
- таңдаған мамандық бойынша теориялық білім мен практикалық дағдысын ұдайы және терең меңгеру;
- өзінің идеялық-саяси, ғылыми және мәдени деңгейін арттыру;
- көпшілік-саяси және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру;
- қоғамдық-пайдалы еңбекке белсене қатысу;
- білім беру орындарында еңбек тәртібін орындау.

Кеңестің шешімі:

1. МДҰ қызметкерлерінің қызметтік емес уақытта этикалық нормаларға дейін бұзу фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қарау, БАҚ пен әлеуметтік желілерді бақылау қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. МДҰ педагогикалық кеңесіне еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық этиканы бұзудың алдын алу бойынша ұсынымдар педагогикалық ұжымда ескерілсін.

Кеңес төрағасы:



Овезова К.А

Кеңес хатшысы:



Болтек Г.Б